

Қамқор әке, ұлағатты ұстаз

Халық айтпақшы, «Бітер істің қасына, жақсы келер басына» дегендей, білмегеніңді үйретіп, ақыл-кеңесімен жас ұрпаққа жол сілтеп, тәлім тәрбие берер ақылшың жүрсе, біздің болашағымыз айқын да ашық болары сөзсіз.

Бейсембай Ержанұлы – Родина орта мектебінде 1993 жылдан бастап қызмет жасаған, тәрбиесі мен өнегесін үйреткен қамқор әке, ұлағатты ұстаз. Ол кісінің еңбек жолына көз жүгіртсек, ұстаз бойынан іскерлік пен ізгі қасиеттерді көреміз.

Бейсембай Ержанұлы еңбек жолын Амангелді ауданындағы Байғабыл ауылының 8-жылдық мектебінде мұғалімдіктен бастаған. 1972 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің физика-математика бөлімін бітірген. Еңбек жолында ұстаздықпен қатар, басшылық жұмыстарда жауапты қызметтер атқара жүріп, көптеген шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Шәкірттері жоғары қызметтерде жұмыс

жасайды. Бейсембай Ержанұлы Родина орта мектебінде физика пәнінен дәріс беріп, шәкірттерінің осы ғылымның қыры мен сырын терең меңгеруіне үлес қосқан абыройлы ұстаз.

Шәкірттерге білім нәрін сіңірген, Әр аспаптың қыр-сырына үңілген. Білімменен өнер жолын ұстанып, Қырық жылда еңбегімен көрінген.

Бейсембай Ержанұлы – сегіз қырлы, бір сырлы адам. Домбыра тартып, күй шертеді. Мектебімізде жұмыс істеген жылдары ансамбль құрып, концерттер ұйымдастырды. Сонымен қатар, «Арқалық қалалық Мәдениет сарайы» МКҚК жанынан құрылған «Қазына» ардагерлер ансамблінің мүшесі.



Әке жолын қуған ұлы Қорғанбек бүгінгі күнде шәкірт тәрбиелеп, әндер жазып жүрген білікті музыкант. Немересі Нұрбек қаламыздың Алтын кітабына есіме енген домбырашысы, бүгінгі күнде

Астана қаласында домбырадан шәкірт тәрбиелеген ұстаз.

Бейсембай Ержанұлының еңбек жолының қай кезеңін қарасақ та, бар ғұмыры мектеп өмірімен біте қайнасқан талмайтын, шаршамайтын, қажырлы жан екенін ұғамыз.

Бейсембай Ержанұлы отбасының ұйытқысы, қамқор әке, қарт ұстаз. Ұмысмай Садыққызымен бірге 4 баладан 7 немере 2 шөбере сүйіп отырған қадірлі отбасы. Бейсембай Ержанұлының берген ақыл кеңестерімен тәрбие саласында жұмыс жасап келемін. Биыл қамқор әке, ұлағатты ұстаз – 80 жасқа толып отыр.

Шәкірттердің аяулысы, сүйіктісі Абырой, ар-ожданы биік кісі. Тілейді шәкірттері бар көңілден, Болғай деп ел-халқының ұйытқысы. Ұзақ ғұмыр, мол бақыт тілеп сізге, Қуанышпен жүреміз бүгін бізде, Асқар тау боп, жүріңіз арамызда Шәкірттермен қуанып келіп жүзге!

**Алмагүл ТАСМАҒАНБЕТОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

